



ХҒТАР 19.41.07

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-148-3-109-122>

## Қазақстандағы қақтығыс туралы ақпарат таратудағы журналистің рөлі

М.Н. Мұса\*<sup>ORCID</sup>, Қ.Н. Мысаева<sup>ORCID</sup>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

\*Байланыс үшін автор: [nazerkeden@gmail.com](mailto:nazerkeden@gmail.com)

**Аңдатпа.** Қазақстандағы қақтығыстар туралы зерттеулер саясаттану, әлеуметтану және тарихты қоса алғанда, көптеген салаларды қамтиды. Көптеген ғалымдар мен ұйымдар елдегі қақтығыстардың себептерін, табиғатын және оларды шешу жолдарын түсінуге үлес қосуда. Бұл мақалада Қазақстандағы журналистер мемлекеттік шектеу мен редакциялық талаптар аясында қақтығыс туралы ақпаратты қалай тарататынын зерттей келе, медиа өкілдерінің этикалық мәселелер, өзіне-өзі цензура жасау, мемлекет тарапынан қысым, объективтілік пен нақтылыққа жетудегі қиындықтар сынды мәселелермен бетпе-бет келетіні ашып көрсетіледі. 2024 жылдың 1 тамызы мен 30 тамызы аралығында журналистер қауымдастығы мүшелеріне жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде қазақстандық журналистердің қақтығыс оқиғалары кезінде ресурстардың шектеулігі немесе әртүрлі қысымдарға қарамастан, редакциялық стандарттар мен бейтараптық, шынайылық және жауапкершілік секілді журналистиканың басты принциптерін ұстануға тырысатыны анықталды. Алайда журналистердің өзін-өзі шектеуі оларды ақпарат алуда цензураны аттап өтіп, редакция талаптары мен жеке моральдық принциптердің арасында баланс табуға мәжбүрлейтіні белгілі болды. Зерттеу барысында журналистер үшін өзін-өзі шектеу мен жеке бастамашылдық таныту қақтығыс тақырыбын жазуда маңызды тенденция екені анықталды. Бұл зерттеу қақтығыстарды жазуда БАҚ-тың тәуелсіздігі, журналистің тәжірибесі мен өз белсенділігі маңызды екенін көрсетеді. Алынған нәтижелерді талдау және талқылау үшін фрейминг теориясы қолданылды. Себебі, бұл теория жартылай құрылымдық сұхбаттар контекстінде, журналистердің қақтығыс тақырыбын қалай қабылдайтынын, түсіндіретінін және жеткізетінін зерттегенде қолайлы.

**Түйін сөздер:** қақтығыс, журналистика, Қазақстан, Орталық Азия, ақпарат құралдары, саясат.

## Кіріспе

Қазақстандағы қақтығыстардың ауқымын елдің күрделі әлеуметтік, саяси және геосаяси ортасын көрсететін ішкі және сыртқы қақтығыстар деп қарастыруға болады. Қазақстан тәуелсіз ел болғанына 30 жылдан асқанына қарамастан, журналистика Кеңес Одағы ықпалындағы медиа үлгіден ағымдағы заманауи бағыттағы дамуға біртіндеп көшуде [1].

Бұқаралық ақпарат құралдарында қақтығыстар жайлы ақпараттың жариялануы қоғамдық пікір мен оқиғаларды қабылдауда шешуші рөл атқарады. Ақпараттық қоғамда журналист мақсаты – тек фактілерді жеткізу емес, сонымен қатар қақтығыстың қай аспектілерін жариялап, қайсысын елемеуге болатынын анықтай отырып, әлеуметтік шындықты қалыптастыру. Сөз бостандығы шектелген және бұқаралық ақпарат құралдарына мемлекеттік бақылау жоғары елдерде бұл рөл ерекше мәнге ие.

2022 жылғы қанды қаңтар оқиғасы Қазақстан тарихындағы маңызды қоғамдық-саяси оқиға ретінде жергілікті және халықаралық БАҚ-тың назарын аударды. Бұл оқиғалар интернетті уақытша бұғаттаумен, тәуелсіз БАҚ-қа шектеу қоюмен және үкіметтің қатаң бақылауымен қатар жүрді. Әдетте мұндай жағдайларда журналист ақпарат таратуда көптеген қиындықтармен бетпе-бет келері белгілі. Себебі, олар мемлекеттік шектеулерді сақтау қажеттілігі мен объективтілікке ұмтылу және өз қауіпсіздігі арасында тепе-теңдікті ұстануға мәжбүр.

Бұл зерттеудің құндылығына бірнеше себептер бар. Біріншіден, Қазақстандағы журналистердің қақтығыс туралы қалай ақпарат тарататыны отандық контексте көп зерттелмеген, екіншіден, әлеуметтік және саяси плюрализм деңгейі төмен қоғамда журналистердің қандай қиындықтармен бетпе-бет келетіні туралы сараптама жасау маңызды. Үшіншіден, сұхбат барысында анықталғандай елде болған әртүрлі қақтығыс жағдайында журналист қызметіне мемлекет тарапынан бақылаудың ықпалын қарастыру зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Бұл ғылыми зерттеу деректерін жинау үшін сапалы зерттеу әдісінің жартылай-құрылымдық, тереңдетілген сұхбат әдісі пайдаланылды. Ғылыми мақала әртүрлі БАҚ-та жұмыс істейтін 11 журналист пен редакторлардан 2024 жылғы 1 тамыздан 30 тамыз аралығында алынған тереңдетілген сұхбатқа негізделген. Журналистердің қақтығыс кезінде ақпаратты алу және тарату тәсілдеріне, сондай-ақ олардың жұмысында кездесетін этикалық және кәсіби дилеммаларға ерекше назар аударылады.

Алынған нәтижелерді талдау және талқылау үшін фрейминг теориясы қақтығыстарды анықтау және оның алдын алу процестері мен механизмдері арқылы медиа ақпаратты объективті беру мақсаттарына қызмет ету үшін пайдаланады деп дәлелдейді.

Бұл зерттеу қазақ журналистерінің қақтығыс жағдайындағы жұмысын жақсырақ түсінуге ықпал етіп қана қоймай, авторитарлық режимдердегі медианың рөлі туралы кеңірек ақпарат береді.

## Зерттеу әдістері

Бұл ғылыми зерттеу деректерін жинау үшін сапалы зерттеу әдісінің жартылай-құрылымдық, тереңдетілген сұхбат, әдісі пайдаланылды. Аталған тәсіл қақтығыстарды көрсетуге тікелей қатысатын журналистердің субъективті пікірлерін, кәсіби көзқарастарын және жеке тәжірибесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сапалы тереңдетілген сұхбат әдісі зерттеуге қолайлы [2] және сұхбат алушыға тақырыптарды тереңірек зерттеуге пайдалы [3] ақпарат алуға мүмкіндік береді. Десек те, ұзақ уақытты қажет ететін [4], сұхбат берушінің көзқарасындағы сәйкессіздік және сұхбат нәтижелерін жалпылай қарастыру тұрғысынан қиындығы сияқты негізгі кемшіліктерін [5] ескере отырып, респонденттердің тақырып бойынша тәжірибесін, білімін және дүниетанымын түсінудің қолайлы және танымал әдісі [6] ретінде қолданылды.

Сұхбат 2024 жылдың 1 тамызынан 2024 жылдың 30 тамызы аралығында жүргізілді. Сұхбатқа 3 ер адам және 8 әйел журналист пен редактор қатысты. Зерттеу авторлары Қазақстандағы қақтығыстақырыбына қатысы бар, әртүрлі ақпарат құралдарында жұмыс істейтін журналистерді кездейсоқ іріктеу әдісімен таңдап алды. Сұхбат респонденттердің өтінішіне сай Zoom онлайн платформасы арқылы жүргізілді. Ұзақтығы орташа есеппен 30 минутты құрады, атап айтқанда 27 минуттан 63 минутқа дейін созылды. Сұхбат респонденттердің таңдауына байланысты орыс және қазақ тілінде жүргізілді. Екі автор да қазақ және орыс тілінде еркін сөйлейді.

Сұхбаттың кейбір сұрақтары келесідей: (а) журналист қақтығыс тақырыбын қалай жазады? ә) қақтығыс тақырыбын жазуда қандай қиындықтар мен этикалық мәселелер туындайды? (с) қақтығыстар туралы жазуға не себеп болады?

Барлық сұхбат респонденттердің рұқсатымен аудиотаспаға түсірілді, содан кейін қолмен транскрипт жасалды. Сапалық деректер тақырыбы мен идеясына сәйкес топтастырылып, бірнеше рет қайталай оқылды және респонденттер айтқан дәйексөздер тікелей немесе қосымша түсіндірмелі түрде сілтеме беру арқылы олардың ашықтығы мен дәлдігі сақталды [7].

Қатысушылар жұмыс тәжірибесі, сондай-ақ олар ұсынатын дереккөздердің алуан түрлілігі (тәуелсіз БАҚ, аймақтық басылымдар және онлайн платформалар) негізінде таңдалды. Бұл кең ауқымды пікірлер мен тәжірибелерді жинақтауға мүмкіндік береді, әрі толыққанды көріністің қалыптасуына ықпал етеді. Іріктемеге әртүрлі кәсіби тәжірибесі журналистер қатысты. Атап айтқанда, олар еңбек өтілі бір жылдан бастап 10 жылдан астам уақыт тәжірибесі бар тәжірибелі журналистер.

Бұл тәсіл зерттеушіге қақтығыстар тақырыбын жазудың негізгі аспектілерін анықтауға бағытталған сұрақтар қоюға, сонымен бірге қатысушыларға өз тәжірибелері туралы егжей-тегжейлі жауап беруге мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында барлық қажетті этикалық нормалар сақталды. Зерттеуге қатысушыларға зерттеудің мақсаттары мен міндеттері туралы ақпарат берілді. Респонденттердің құпиялылығы деректерді анонимизациялау арқылы қамтамасыз етілді, пікірлері шифрланып беріледі, соңғы нәтижелерде қатысушылардың аты-жөні аталмады, жеке деректер жарияланбады.

## Әдебиетке шолу

Қақтығыстардың БАҚ-та жариялануы БАҚ коммуникациясы және журналистика саласындағы зерттеулердің негізгі бағыттарының бірі. Осы тақырыпты зерттеген қазақстандық зерттеушілер қатарында журналистерге әдістемелік құрал жазып шыққан Р.Қарымсақованы атап өтуге болады. Ол өз еңбегінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы этникалық ақпаратты зерттеуге, журналистикадағы толеранттылық пен ксенофобия мәселелері, сондай-ақ БАҚ-та этникалық наным-сенімдерді тудыру жолдарына назар аударады [8]. Одан бөлек медиадағы дискурс тақырыбын зерттеуші Д.Түсіпова қазақ тілді және орыс тілді басылымдарды қарастыра келе, қазақ тілінде хабар тарататын журналистер бейтарап емес екенін, ұлт өкілдеріне қатысты “біз” және “олар” деген сынды ерекшелеу сөздерін қолданатынын анықтаған [9].

Ал шетелдік ғалымдардың Қазақстандағы қақтығыстар туралы зерттеулерінің басым көпшілігі этникалық шиеленістер [10], саяси қарсылықтар [11] немесе саяси қауіпсіздік [12] тұрғысынан қарастырылған.

Одан бөлек, Орталық Азиядағы қақтығыстар жайлы зерттеулердің маңыздылығын атап өткен жөн. Онда мемлекеттік мүдделер мен журналистік тәжірибе арасындағы күрделі қатынас көрсетіледі. Ларуэль мен Пейроуз атап өткендей [13], үкіметтің қатаң бақылауы жағдайында журналистер көбінесе саяси және әлеуметтік нормаларды сақтаумен кәсіби міндеттерін орындауға мәжбүр болады. Қазақстанда бұл ашық тақырыптардан қашқақтап, ресми биліктің бағытына қолайлы тақырыптарды таңдаудан көрінеді.

Қақтығыс туралы айтқанда, Р.Энтман ұсынған фрейминг концепциясын атап өтпеуге болмайды. Бұл теория қақтығыстың БАҚ-та көрініс табуын талдаудың маңызды теориялық құралы [14]. Дж. Галтунг және Мари Рюге жаңалықтардағы критерийлер қақтығыстарды көрсетуге қалай әсер ететінін зерттеді [15]. Гади Вольфсфельд қақтығыстар кезінде бұқаралық ақпарат құралдарының күн тәртібін белгілеудегі саяси контексттің маңыздылығын атап өтті [16], ал Филипп Сейб пен Мейер және басқалары (2017) БАҚ пен сыртқы саясат арасындағы байланысты көрсетеді [17], [18]. Джейк Линч пен Аннабель МакГолдрик қақтығыстарды БАҚ арқылы бейбіт жолмен шешуге баса назар аудара отырып, «бейбіт журналистика» теориясын жасады [19]. Пирс Робинсон БАҚ-ты қақтығыс аймақтарындағы саяси ықпал ету құралы ретінде талдайды [20], ал Сюзан Каррутерс соғыс пен қақтығыстардан хабар таратудың тарихи аспектілері мен насихаттың рөліне назар аударады [21].

Осы теориялық негіздерді қолдану арқылы Қазақстандағы әлеуметтік, этникалық, саяси және геосаяси өлшемдерді қамтитын көп қырлы қақтығыстар туралы терең түсінік алуға болады. Әрбір теория осы қақтығыстардың себептері мен ықтимал шешімдері туралы әртүрлі түсініктер береді, бұл академиялық талдауды да, саяси көзқарасты да ақпараттандыруға көмектеседі.

## Зерттеу нәтижелері және талқылау

Трансұлттық БАҚ-тағы қақтығыстарды зерттеу мүмкіндігі 2022 жылдың 4 қаңтарында сұйытылған табиғи газ бағасының көтерілуі бүкіл Қазақстанға әсіресе елдің ең ірі қаласы Алматыда қарқынды болған тәртіпсіздіктерді тудырған кезде пайда болды [22].

Тәртіпсіздік басталғанда Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғанына небәрі 32 жыл болған. Демек журналистиканың кеңестік үлгіден қазақы бірегей үлгіге көшуі жалғасуда, себебі журналистика әлі де өзгеру үстінде. Баспасөз бостандығы біршама шектелген, Қазақстан «Шекарасыз репортер» ұйымының бағалауы бойынша 180 елдің ішінде 134-орынға ие болды және толқулар жайлы жазу баспасөз бостандығына одан әрі нұқсан келтірді [23].

Қазақстандағы қақтығыстарды жазатын журналистермен терең сұхбатқа негізделген бұл зерттеу авторитарлық бақылаудағы БАҚ, мемлекет және журналистік этика арасындағы күрделі қарым-қатынасты көрсетеді. Байқалған маңызды жайттар келесідей болды:

Журналистер қақтығыс туралы тақырыпты өз позициясына байланысты не болмаса редакциялық тапсырыс аясында көтереді. Қазақстандағы қақтығыстар тақырыбы жайлы хабар таратуға редакциялық тапсырмалар, журналистің қызығушылығы себеп болады. Сұхбат берген журналистердің (11) басым көпшілігі (73%) қақтығыс орындарына бару, осы туралы ақпарат жазу редакциялық тапсырма болғанын жеткізді. Ал, қалған журналистердің (27%) жауаптарының ішінде азаматтық позиция, саяси белсенділік, осы тақырыпқа деген қызығушылық деген сынды жауаптар аталды.

Қақтығыс тақырыбында хабар тарататын журналистер әдетте түрлі митингілерге көп барады. Митингілер, акциялар, жұрттың жиналуын қақтығыстың басталып кетуіне себеп бола алатын жиындар деп қарастыруға болады дейді. Себебі онда талабын орындатуға, тыңдатуға, жарияға жар салуға келген халық пен үкімет тарабы, белсенділер сияқты бірнеше тарапқа бөлінетін адамдар жиналады. Митингтің арты қанды қақтығысқа айналып кеткен жағдайлардың бірі Жаңаөзен оқиғасы, Желтоқсан оқиғасы, Қаңтар оқиғасы.

Журналистер бейтараптықтың аса маңызды екеніне назар аударады. Дегенмен, халықтың жағдайын көзбен көрген соң, бейтараптықты сақтау қиын екенін атап өтеді.

Бір респонденттің пікіріне сүйенсек: «Митингке эмпат журналистер барады. Себебі митингке әділетсіздіктен ашынған, шаршаған адамдар шығады». Журналистің айтуы бойынша, ол Қаңтар оқиғасынан кейін митингке ешқашан шығып көрмеген аналармен кездескен. Ашынған аналар «балаларымыз жазықсыз қамалған, тіпті оларды не үшін ұстап алғандарын өздері білмейді» деді. Оларды тыңдап тұрып, жаның ашығанын жасыру мүмкін емес. Әрине, журналист бейтарап болу керек, десек те, митингке барғанда бейтарап жүрген журналисті көрмедім», – деп жауап берді.

Журналистің бірі жақсы жалақы алу да осындай тақырыптарды қозғауға себеп болатынын атап өтті. Ол күрделі тақырыптарды зерттеу ұнайтынын айта келіп, журналистерді жылнамашылар деп атады. Оның қақтығыс тақырыбын жазу себебі

“Жеке қызығушылық, тарихтың қалыптасуына атсалысу, сонымен қатар жақсы жалақы да бар”, – дейді [24].

**Қақтығыстар туралы ақпаратты жинауда қолданатын әдістер мен тәсілдер.** Журналистер ақпарат жинауда әртүрлі тәсілдерді іске асырады. Атап айтқанда, мемлекеттік органдардан пікір алу, куәгерлермен тілдесу, қақтығыс болған орыннан бақылау және т.с.с бар.

Тағы бір журналист қақтығыс оқиғасын жазудағы өз тәжірибесімен былай бөлісті: «Қақтығыс болған жерде ешкім журналисті күтіп тұрмайды. Ондай жерде көбінесе Төтенше жағдай жарияланады. 2015 жылы Сарыағаш оқиғасына барғанда (тәжіктер мен қазақтар арасындағы шиеленіс, авт.), ол жаққа кіруге тыйым салынды. Ақпарат алу үшін ауылға кіру керек. Ауылдың ішіне көлік жүрмейді. Барлық жерде ақпараттың негізгі көзі – таксистер болды. Солардың тұратын жерлеріне жетіп, көлік салонына бір-ақ төлеп, 4 әйелдің арасына отырып, камерамды тығып, жолға шықтық. Жол полициясы тоқтатқанда, жергілікті тұрғынның кейпін сомдадым. Ішке кірген соң полиция штабына дейін жеттім. Олар мені көріп таңғалып, қайтаруға тырысты. Қақтығыс кезінде барлық мүмкіндікті пайдаланасың, тапсырма берілген соң оны орындайсың”, – деді [24].

**Журналистер қосымша мамандардан да пікірін қосу маңызды екенін атап өтті.** Келесі бір журналист екінші тарап пікірінің болуы ақпараттың шынайылығын көрсетеді деді. Оның өз сөзімен келтірсек: “.. қақтығыс кезінде екі тараппен де сөйлесу керек. Заңнама бойынша тек бір тараптың ғана пікірін беруге болмайды, міндетті түрде екінші жақтың да пікірін білу керек. Қосымша сарапшыларды, көбіне заңгерлерді тарту қажет”[24].

Қақтығыс тақырыбында тұрақты жазатын тәжірибелі журналист фактчекинг жасаудың маңыздылығын атап өтті.

Оның пікіріне сүйенсек: “Қақтығыстың әртүрлі тараптарымен сөйлесемін, ашық дереккөздерден (Google) ақпарат іздеймін, фактчекинг жасаймын, оқиға болған жерге барамын. Мемлекеттік органдардың ресми ұстанымын да сұраймын”[24].

**Ақпарат дереккөзі және оның тексеру.** Көбіне журналистер ресми дереккөзден пікір алуға міндетті, бірақ комментарийлерге толықтай сүйенуге, шын деп қабылдауға болмайды деген пікір ұстанады. Журналистер ресми баспасөз хабарламасы, редакцияға келген хат, әлеуметтік желіні дереккөз ретінде қолданатынын атап өтті. Журналистердің пікірінше, көп жағдайда ресми ақпарат толыққанды материал құрауға негіз бола алмайды.

Бір журналистің пікірінде жоғарыда айтылғанды тағы бір дәлелдейді:

“Ресми ақпаратқа сүйену керек деп айта алмаймын. Себебі ресми ақпараттың өзі бір-біріне қарама-қайшы шығып жатады. Көбіне өзім немесе әріптестерім көзімен көріп баяндап берген, сұхбат алған жағдайда оны беруге болады. Дегенмен кейде ақпаратты тексеру өте қиын. Мәселен, митинг кезінде ресми орган алаңға 10 шақты адам келді деуі мүмкін. Алайда редакциядан барып тұрған журналист олардың әлдеқайда көп екенін айтады. Мұндай жағдайда негізінен әріптестеріміздің сөзіне сүйенеміз”.

Дереккөздерді жан-жақты іздеу туралы тағы бір респондент былай дейді: “Негізгі дереккөздер: оқиға орнындағы адамдар, белсенділер, мемлекеттік органдар,

мәліметтер базасы, статистика, азаматтық институттар. Деректерді талдау, статистика, өткен жылдардың материалдары, арнайы бағдарламалар мен іздеу жүйелері арқылы тексеремін (фактілерді тексеруге арналған құралдар бар)”[24].

**Цензура және оның журналист жұмысына ықпалы. Қақтығыс тақырыбында хабар таратуға кедергілер.** Журналистердің жұмыс істейтін редакцияларына байланысты цензура туралы пікірлері біркелкі емес. Бірі цензураға жиі ұшыраса, енді бірі мүлдем тап болмаған.

Мәселен, бір журналист мынадай пікір білдірді: “Цензура жасауға тырысады. Көбіне билік органдарынан хабарласып, ақпарат бермеуге тырысады. Кез келген комментарий, жағымсыз пікір үшін Ішкі саясат басқармасынан үйге келген жағдайлар болған”.

Екінші бір журналистің пікірінше цензура - журналистік тәжірибедегі күрделі мәселелердің бірі. Ол жарияланған материалдарды тікелей шектеуде де, қорқыныштан туындаған “өзін-өзі цензура жасау” түрінде де көрінеді. «Бұл оқиғаларды объективті түрде ақпарат таратуды қиындатады және оның бұрмалануына әкелуі мүмкін. Қақтығыс тақырыптарын жазған кезде міндетті түрде цензураға ұшырайсың”[24].

**Қақтығыстың түрлері және жазуға қиын және аз жазылатын қақтығыстар.** Сұхбат берген журналистер қақтығыстың негізгі түрлерін былай ажыратады: әлеуметтік, саяси, этникааралық, діни. Журналистердің көбі этникалық және саяси қақтығыстардан хабар тарату қиынырақ деп есептейді. Сондықтан бұл тақырып аз жазылуы мүмкін деп болжайды.

Қақтығыс туралы ақпарат таратудың ерекшеліктері туралы тәжірибелі журналистің пікіріне сүйенсек: “2015 жылы Сарыағаш, Мақтаарал, ал 2020 жылы Қордай оқиғасы болған кезде хабар тараттым. Бұлар – ұлтаралық қақтығыстар. Одан бөлек, 2019 жылы Арыстағы жарылыс, 2022 Қаңтар оқиғасын жаздым». Ол діни қақтығысқа мысал ретінде 2013 жылы Жезқазғанда салафиттерге, терроризмге қатысты туындаған мәселені атады. Оның айтуынша: «Бұл діни көзқарас бойынша пайда болған конфликт еді. Қазақстанның біраз азаматы Сирияға кетіп қалды. Ол конфликттің жалғасы әлі бар. Бір қарағанда еңбек дауының көрінісі Жаңаөзен оқиғасы болды. Онда 18 адам өлді. Бірақ Қаңтар мен Жаңаөзен халықтың талабынан туған саяси қақтығыс дер ем, тіпті көтеріліс деуге де болады”[24].

Журналистер көбіне этникааралық мәселелерді жазу күрделі екенін атап өтті. Мәселен бір журналист:

“Ең қиыны осы ұлтаралық араздық мәселесі. Экономика, саясат және өзге де талаптарды жазып отырғанда, әлсіздер мен мықтыларды анық көресің, халық өзі не қалайтынын анық айтады, журналист анық жазады. Бұл жерде өз ойын айтатын бір ғана тарап болады. Яғни халық. Ресми органдар көбіне үнсіз қалады. Ал ұлтаралық қақтығыстарда екі тарап болады. Олардың екеуінің айтып тұрған сөздері қате және екеуінің де айтып тұрған сөздері дұрыс көрінеді. Басқа мәселенің шешімі табылмауына нақты кінәлі адамды атауға болады, ал ұлтаралық араздыққа қоғам кінәлі”.

Сонымен қатар, “Ұлтаралық қақтығыс – мемлекеттік идеологияның дұрыс қалыптаспауында. Әлеуметтік мәселелер (газ бағасы, Астанадағы қыздардың өлімі және т.б..) – халықтың материалды жағдайының тым төмен болуы, биліктің ол жағдайдан тым

жоғары болуы. Саяси – бұл алдыңғы екеуінен туындайтын (немесе керісінше) мәселе”, – дейді журналист[24].

Сұхбат барысында бір журналист кез келген қақтығысты жазу үшін барлық редакцияларда мүмкіндіктің бола бермейтінін айта келіп: «Қандай да бір статистика болмаған соң, белгілі бір қақтығыс түрі туралы аз не көп жазылады деу қиын. Бізде мемлекеттік БАҚ көп, жергілікті басылымдар әкімдіктерге бағынады. Тәуелсіз журналистер аз, олар барлығын қамти алмайды. Біз, редакция ретінде, ірі қақтығыстар туралы естісек, толыққанды қамтуға тырысамыз”, – деген пікір білдірді [24].

**Журналистің сақтық шаралары.** Журналистердің көпшілігі бірауыздан қақтығыс туралы жазу күрделі екенін мойындайды. Сақтық шаралары ретінде ақпарат көзінің қауіпсіздігі, бүркеншік есімдер, анонимді дереккөзді қолдануды атайды.

Журналистің айтуынша олар 2-3 жылда бір ретін сақтық шаралары ретінде қауіпсіздік бойынша арнайы сарапшы мамандар өткізетін тренингтерден өтеді. Арнайы тренингте журналистің митингіде өзін ұстау жолдарын, адамдардың арасында емес, шетінде жүру керек екенін үйрететінін атап көрсеткен. Бір журналистің басынан өткен жағдай «Қысым жасаған кездер жоқ, бірақ аккредитациядан айырған, Украинаға барып келген соң сақтықпен қарай бастағанын да атап өту керек”, - дейді.

Сұхбат кезінде көпшілігінің атап өткені елде «ұлтаралық жанжал болған кезде мемлекеттік билік ақпарат бермеуге тырысады. Аудан көлемінде, ауыл көлемінде, қақтығыстың қай жерде болғанына байланысты ақпаратты шығармауды қалайды. Егер біз биліктің ақпаратымен беретін болсақ, қателесуіміз мүмкін. Олар тіпті ақпарат бермеуі де мүмкін. Мұның өзін қысым деп қарастыруға болады. Ақпарат бермеуімен қоймай, оқиға орнынан шығарып жіберуі мүмкін. Редакция тапсырма береді, сен орындауың керек. Сен – солдатсың. “Мені кіргізбеді, ақпарат ала алмадым десең”, онда сен ешкім емессің”, – дейді журналист[24].

**Қақтығыс тақырыбындағы этикалық дилеммалар.** Басты мәселенің бірі журналистикадағы бейтараптық принципін ұстанудағы қиындықтар. Одан бөлек, кемсітушілікке бой алдырмау, араздыққа әкелетін сөздер мен тіркестерді қолдану турасында этикалық мәселелер туындауы мүмкін.

Тағы бір журналистің пікіріне сүйенсек, қақтығыс жағдайында «бейтарап болу мүмкін емес». Ол қақтығысқа қатысушы тараптардың «оқиғасына, мұң-мұқтажына еніп, оларға кеңес беріп, жұбатып кететін кездер» болатынын айтады. Журналист ретінде митингілерге жиі барған сайын, оған шығып жүрген адамдарды танып алатынын атап көрсетеді. Мысал ретінде ол «осыдан төрт-бес жыл бұрын мәселелерін жазған кісілермен әлі күнге тығыз байланыста» екенін және оны «үлкен қателік деп ойлайтынын» айтқан. Тағы бір мысал ретінде «сайлау алдында әртүрлі партиялар митинг ұйымдастырып, өз «жақтастарын» жинағанда, сол «жақтастарынан» митингке келген мақсатын сұрасаң айта алмай тұрады. Мұндайда сарказмға беріліп кетпеу керек”, - деген кеңес білдіреді.

Жалпы, журналистердің басым көпшілігі әртүрлі қақтығыс кезінде журналистің эмоцияға берілмеуі маңызды екенін біле тұрып, оны ұстану қиын екенін көрсетеді. Мысалы, бір респонденттің пікіріне жүгінсек: “Көбіне халықтың саяси талаптары жайлы жазғанда “олардың талабы қаншалықты заңды?” деген мәселе туындайды. Мәселен,



тұрғындар митингіде несиемізді кешірсін деп талап қойғанда “несиені өздері алды емес пе?” деген ойлар келеді, не болмаса, қазақстандық Юрий мен Салтанат сөзге келіп қалды делік – бұл ұлтараздық жанжал ма немесе қарапайым тұрмыстық дау ма деген мәселелер болады. Мына жерде айтпағым: өз ойыңды, сезіміңді материалға қоспау қиын болып жатады”[24].

**Құпиялық және ақпарат көздерінің қауіпсіздік мәселелері.** Кейбір журналист аноним түрде ақпарат алуға қарсы, ал кейбірі осы формат дереккөздің қауіпсіздігін сақтайды деп есептейді.

Бұл жайлы әртүрлі пікірлер бар:

“Ақпарат көзін қорғау өте қиын. Қақтығыс кезінде сұхбат алған адамның аты-жөнін сұрап алып, оны өзгертіп беруге болады”.

Немесе

“Аноним деп, атын өзгертеміз. Жақшаның ішіне (кейіпкердің шын аты редакцияға белгілі) деп жазамыз. Оны тек соттың қаулысымен ғана айтуға/не айтпауға болады”.

“Спикерлерге анонимді түрде ақпарат беруді ұсынамын, дереккөздерімді жарияламаймын (журналист бұған құқылы), толықтай анонимді болу үшін жүзін жасырамын және дауысын өзгертемін».

Сұхбат кезінде журналистің әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істейтіні және тәжірибелі журналистерде өзінің ақпарат ұсынатын көздері қалыптасатыны туралы да ой қозғалды. Журналистің беделі мен сенімділігінің арқасында кейбір қолжетімсіз ақпаратты да алуға болатыны атап өтілді. Десек те, мұндай ақпарат көзінен алынған ақпарат та тексерілуі керек. Мысалы, «журналистерде 3 дерек көзден ақпарат алу деген принцип бар. Егер саған біреу дерек берсе, онымен байланысы жоқ тағы екі адам осы ақпаратты растауы қажет. Қалған екі деректі мен табуым шарт емес, бір тақырыпта бірнеше журналист іздене алады. Осылай біз бедел мәселесіне келіп тірелеміз, себебі егер мен ақпарат көздерімді ашсам, маған ертең ешкім сенбейтін болады”, - дейді сұхбат берген журналист[24].

**Қақтығыс тақырыбының заңнамалық реттелуі.** Журналистердің пікірі бойынша қақтығыс мәселесі туралы Қазақстан Республикасының заңында және Конституциясында атап көрсетілгенімен, заңнамалардың жұмыс істеуінде олқылықтар бар.

Журналистің атап көрсеткеніндей: “Еңбек дауын реттейтін Еңбек Кодексі бар, ал ұлтаралық жанжалды болдырмау туралы Қылмыстық Кодексте айтылады, Әкімшілік кодексте жазылады. Заң жағынан реттеу ештеңе бермейді деп ойлаймын”.

Басқа бір журналист: «Қақтығыс кезінде журналистердің еңбек қауіпсіздігі туралы заңда жазылу керек» деп есептейді.

Қақтығыс тақырыбының заңнамалық реттелуі туралы тәжірибелі журналист оны «жеткілікті деңгейде қамтылмаған» дей келе бейбіт жиналыстар мен митингілер туралы заңды «іс жүзінде дұрыс жұмыс істемейді» дейді. Оның айтуынша: «.. жақында петиция сайты ашылды, бірақ іс жүзінде үкімет бәрібір оны өз мүддесіне пайдалануда. Мысал ретінде, утильалым және уақытты өзгертуге қарсы петицияны қарастыруға болады». Журналист «..билік халыққа жиі құлақ аспайды, қоғамдық пікір көшбасшылары мен белсенділерді қамауға алады, бұл қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті одан сайын

күшейтеді. Бұл, өз кезегінде, Қантар сияқты ауқымды қақтығыстарға әкелуі мүмкін», - дейді [24].

Қақтығысты заңмен реттеуге қатысты журналистер “барлығын заңмен реттеу, заңда атап көрсету мүмкін емес» деп есептейді. Мәселен, сұхбатқа қатысушы бір журналист: «Қылмыстық Кодекс бар, ол нашар емес, бірақ оның жұмыс істеуі, қалай қолданылатыны бөлек мәселе. Арселор Миттал-мен болған жағдайда айыппұлдары өте аз екені анықталды”, - дейді [24].

### **Қорытынды**

Қазақстандық журналистермен тереңдетілген сұхбатқа негізделген зерттеу авторитарлық бақылаудағы елдерде қақтығыс туралы ақпарат жариялау көптеген кәсіби және этикалық қиындықтармен қатар жүретінін көрсетті. Зерттеуге қатысушы журналистер оқиғаларды объективті және толық хабарлау мүмкіндігіне әсер ететін үкімет шектеулеріне тап болғандарын атап көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде ресми цензура, баламалы ақпарат көздеріне қол жеткізуді шектеу және тәуелсіз БАҚ-қа қысым көрсету – журналист жұмысында кездесетін негізгі факторлар ретінде анықталды. Осы қиындықтарға қарамастан, көпшілігі кәсіби стандарттарды сақтай отырып және объективтілікке ұмтыла отырып, ақпаратты жеткізу жолдарын іздеуді жалғастыруда.

Қорытындылай келгенде, Қазақстандағы қақтығыс тақырыбын жариялаудағы ақпарат құралдары рөлін және журналист құқығын, әсіресе, медиа ортадағы бақылауды күшейту жағдайында одан әрі зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Сондай-ақ журналистік этика, сөз бостандығы және саяси режимдердің жаңалықтар күн тәртібіне ықпалына қатысты маңызды мәселелер сақталуда. Осы ретте журналист қауымдастығы мен академиялық ортаның журналистердің өз бетінше және қоғам мүддесі үшін жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін тақырыптарды талқылауды жалғастыруы маңызды.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Mussa N., Myssayeva K., & Brown, M. Framing conflict in Kazakhstan: a comparative analysis of Kazakh, Russian, and U.K. news outlets. –Media Asia. – 2024. – P. 1-19. URL: <https://doi.org/10.1080/01296612.2024.2361539>
2. Creswell J.W. Qualitative inquiry and research design. Choosing among five approaches. – London, – 2015. – P. 488.
3. Silverman D. Interpreting Qualitative Data: Methods for Analyzing Talk, Text and Interaction. – London, – 2006. – P. 325.
4. Kvale S., Brinkmann S. Interviews: Learning the Craft of Qualitative Research Interviewing. – Thousand Oaks, CA. – 2015.
5. Bryman A. Social Research Methods. – Oxford University Press. – 2012. – P.
6. Lindlof T. R., Taylor B. C. Qualitative communication research methods. Thousand Oaks. – 2011.
7. Flick U. An introduction to qualitative research. – London. – 2014.
8. Карымсакова Р. Освещай, но не разжигай. [Электронный ресурс] Пособие для журналистов. – Алматы. Әділ сөз. – 16.08.2007. URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30595612&pos=3;105#pos=3;-105](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30595612&pos=3;105#pos=3;-105) (дата обращения: 25.07.2024)

9. Tussupova D. Mass Media and Ethnic Relations in Kazakhstan. Problems of Post-Communism. – 2010. №57(6). – P. 32–45. URL: <https://doi.org/10.2753/PPC1075-8216570603>
10. Roberts S.R. The War on the Uyghurs: China's Internal Campaign against a Muslim Minority. – USA.– Princeton University Press. – 2020.
11. Shatz M. A Primer on Communication and Communicative Disorders. – Boston. – Allyn & Bacon. – 2004.
12. Marat E. The Politics of Police Reform: Society against the State in Post-Soviet Countries. – USA. Oxford University Press. – 2018.
13. Laruelle M., Peyrouse S. Globalizing Central Asia: Geopolitics and the Challenges of Economic Development. Routledge. – 2013. URL: <https://doi.org/10.4324/9781315704036>
14. Entman R. M. Framing: Toward Clarification of a Fractured Paradigm. Journal of Communication. – 1993. – № 43(4). – P. 51–58. URL: <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
15. Galtung J. High Road, Low Road: Charting the Course for Peace Journalism. Track Two. – № 7(4). – 1998. P. 7–10.
16. Wolfsfeld G. Media and Political Conflict: News from the Middle East. – Cambridge University Press. – 1997. URL: <https://doi.org/10.1017/CBO9780511527678>
17. Seib P. Beyond the Front Lines: How the News Media Cover a World Shaped by War. Palgrave Macmillan. – 2004. URL: <https://doi.org/10.1057/9781403980915>
18. Meyer C., Sangar, Gadi E., Robinson P. War and Conflict Reporting in Practice: News from the Front. – 2017. URL: <https://doi.org/10.4324/9781315680824>
19. Lynch J., McGoldrick A. Peace Journalism. Hawthorn Press. – 2005.
20. Robinson P. The CNN Effect: The Myth of News, Foreign Policy and Intervention. – 2002. <https://doi.org/10.4324/9780203403167>
21. Carruthers S. The Media at War: Communication and Conflict in the Twentieth Century. – Macmillan Press. – 2000. URL: <https://doi.org/10.1007/978-1-349-63288-0>
22. Mikhailov V. Казахстан поджигают с помощью сжиженного газа. [Электронный ресурс] РИА Новости. 4. 01. 2022. URL: <https://ria.ru/20220104/kazakhstan-1766581833.html> (дата обращения: 25.07.2023)
23. Reporters Without Borders. [Electronic resource]. World Press Freedom Index. –2023. Available at: [https://rsf.org/en/2023-world-press-freedom-index-journalism-threatened-fake-content-industry?year=2023&data\\_type=general](https://rsf.org/en/2023-world-press-freedom-index-journalism-threatened-fake-content-industry?year=2023&data_type=general) (accessed 28.04.2024)

*Муса М.Н., Мысаева К.Н.*

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

### **Роль журналистов в освещении конфликтов в Казахстане**

**Аннотация.** Исследования конфликта в Казахстане охватывают многие области, включая политологию, социологию и историю. Многие ученые и организации вносят свой вклад в понимание причин, природы и решений конфликтов в стране. В данной статье рассматривается, как журналисты в Казахстане распространяют информацию о конфликте в рамках государственных

ограничений и редакционных требований, и выявляется, что представители СМИ сталкиваются с критическими проблемами, такими как этические проблемы, самоцензура, давление со стороны государства, трудности в достижении объективности и точности. По результатам опроса членов журналистского сообщества в период с 1 по 30 августа 2024 года выявлено, что казахстанские журналисты стараются придерживаться основных принципов журналистики, таких как редакционные стандарты и нейтральность, честность и ответственность, несмотря на ограниченность ресурсов или различное давление во время конфликтных событий. Однако стало ясно, что самоограничение (самоцензура) журналистов вынуждает их обходить цензуру и находить баланс между редакционными требованиями и личными моральными принципами. В ходе исследования выяснилось, что сдержанность и личная инициатива являются важными тенденциями для журналистов, пишущих о конфликте. Это исследование показывает, что независимость СМИ, журналистский опыт и самодеятельность важны в освещении конфликтов. Для анализа и обсуждения полученных результатов была использована теория фрейминга. Это связано с тем, что эта теория лучше всего подходит в контексте полуструктурированных интервью, когда исследуется, как журналисты воспринимают, интерпретируют и передают конфликтные темы.

**Ключевые слова:** конфликт, журналистика, Казахстан, Центральная Азия, средства массовой информации, политика.

**Mussa M.N., Myssayeva K.N.**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **The role of journalists covering conflicts in Kazakhstan**

**Abstract.** Research on the conflict in Kazakhstan spans many fields, including political science, sociology, and history. Many scholars and organizations contribute to the understanding of the causes, nature, and resolutions of conflicts in the country. This article examines how journalists in Kazakhstan disseminate information about the conflict within the framework of state restrictions and editorial requirements, and finds that media representatives face critical challenges such as ethical issues, self-censorship, government pressure, and difficulties in achieving objectivity and accuracy. A survey of journalistic community members conducted between August 1 and August 30, 2024 revealed that Kazakhstani journalists try to adhere to the basic principles of journalism, such as editorial standards and neutrality, honesty, and responsibility, despite resource constraints or various pressures during conflict events. However, it became clear that self-restraint (self-censorship) of journalists forces them to circumvent censorship and find a balance between editorial demands and personal moral principles. The study revealed that restraint and personal initiative are important tendencies for journalists writing about conflict. This study shows that media independence, journalistic experience and self-activity are important in covering conflicts. Framing theory was used to analyze and discuss the results.

**Keywords:** conflict, journalism, Kazakhstan, Central Asia, mass media, politics.

**References:**

1. Mussa N., Myssayeva K., & Brown, M. Framing conflict in Kazakhstan: a comparative analysis of Kazakh, Russian, and U.K. news outlets. –Media Asia. – 2024. – P. 1–19. URL: <https://doi.org/10.1080/01296612.2024.2361539>
2. Creswell J.W. Qualitative inquiry and research design. Choosing among five approaches. – London, – 2015. – P. 488.
3. Silverman D. Interpreting Qualitative Data: Methods for Analyzing Talk, Text and Interaction. – London, – 2006. – P. 325.
4. Kvale S., Brinkmann S. Interviews: Learning the Craft of Qualitative Research Interviewing. – Thousand Oaks, CA. – 2015. – P.
5. Bryman A. Social Research Methods. – Oxford University Press. – 2012. – P.
6. Lindlof T. R., Taylor B. C. Qualitative communication research methods. Thousand Oaks. – 2011. – P.
7. Flick U. An introduction to qualitative research. – London. – 2014.
8. Karymsakova R. Osvesh haj, no ne razzhigaj. Posobie dlja zhurnalistov. Almaty. Әділ сөз. [Cover, but don't inflame. Manual for journalists. Almaty]. 16.08.2007 - Available at: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=30595612&pos=3;105#pos=3;-105](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30595612&pos=3;105#pos=3;-105) (accessed: 25.07.2024) [in kazakh]
9. Tussupova D. Mass Media and Ethnic Relations in Kazakhstan. Problems of Post-Communism. – 2010. №57(6). – P. 32–45. URL: <https://doi.org/10.2753/PPC1075-8216570603>
10. Roberts S.R. The War on the Uyghurs: China's Internal Campaign against a Muslim Minority. – USA.– Princeton University Press. – 2020.
11. Shatz M. A Primer on Communication and Communicative Disorders. – Boston. – Allyn & Bacon. – 2004.
12. Marat E. The Politics of Police Reform: Society against the State in Post-Soviet Countries. – USA. – Oxford University Press. – 2018.
13. Laruelle M., Peyrouse S. Globalizing Central Asia: Geopolitics and the Challenges of Economic Development. Routledge. – 2013. URL: <https://doi.org/10.4324/9781315704036>
14. Entman R. M. Framing: Toward Clarification of a Fractured Paradigm. Journal of Communication. – 1993. – №43(4). – P. 51–58. URL: <https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x>
15. Galtung J. High Road, Low Road: Charting the Course for Peace Journalism. Track Two. – № 7(4). – 1998. P. 7–10.
16. Wolfsfeld G. Media and Political Conflict: News from the Middle East. – Cambridge University Press. – 1997. URL: <https://doi.org/10.1017/CBO9780511527678>
17. Seib P. Beyond the Front Lines: How the News Media Cover a World Shaped by War. Palgrave Macmillan. – 2004. URL: <https://doi.org/10.1057/9781403980915>
18. Meyer C., Sangar, Gadi E., Robinson P. War and Conflict Reporting in Practice: News from the Front. – 2017. URL: <https://doi.org/10.4324/9781315680824>
19. Lynch J., McGoldrick A. Peace Journalism. Hawthorn Press. – 2005.
20. Robinson P. The CNN Effect: The Myth of News, Foreign Policy and Intervention. – 2002. URL: <https://doi.org/10.4324/9780203403167>
21. Carruthers S. The Media at War: Communication and Conflict in the Twentieth Century. – Macmillan Press. – 2000. URL: <https://doi.org/10.1007/978-1-349-63288-0>

22. Mikhailov V. Kazakhstan podzhigajut s pomoshh'ju szhizhennogo gaza. [Electronic resource] Ria Novosti. [Kazakhstan is being set on fire with liquefied gas. Ria Novosti.] 4. 01. 2022. Available at: <https://ria.ru/20220104/kazakhstan-1766581833.html> (accessed 25.07.2023) [in Russian]

23. Reporters Without Borders. World Press Freedom Index. [Electronic resource] – 2023. Available at: [https://rsf.org/en/2023-world-press-freedom-index-journalism-threatened-fake-content-industry?year=2023&data\\_type=general](https://rsf.org/en/2023-world-press-freedom-index-journalism-threatened-fake-content-industry?year=2023&data_type=general) (accessed 28.04.2024)

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Мұса М.Н.** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті докторанты, Алматы, Қазақстан.  
**Мысаева Қ.Н.** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, қауымдастырылған профессор, Алматы, Қазақстан.

#### **Информация об авторах:**

**Муса М.Н.** – докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Мысаева К.Н.** – Ассоциированный профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

#### **Information about authors:**

**Mussa M.N.** – PhD student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Myssayeva K.N.** – Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.